

Ғылыми кеңесшінің ПІКІРІ

Джумагазиева Орынгул Дженисбековнаның 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Ауруды басқару бағдарламасында мейіргердің ұйымдық және басқару механизмдерінің негіздемесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациясына

Джумагазиева Орынгул Дженисбековнаның диссертациялық жұмысы қазіргі қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті бағыттардың бірі — созылмалы жұқпалы емес ауруларды басқару бағдарламаларында мейіргердің ұйымдық және басқарушылық функцияларын ғылыми тұрғыдан негіздеуге арналған.

Жұмыстың өзектілігі Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жүргізіліп жатқан денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту, алғашқы медициналық-санитариялық көмек қызметін күшейту және созылмалы аурулар бойынша профилактикалық бағытты дамыту саясатына толық сәйкес келеді. Ауруларды басқару бағдарламасы (АББ) — денсаулық сақтау саласындағы заманауи интеграциялық модельдердің бірі, сондықтан осы бағдарламаны тиімді жүзеге асыруда мейіргердің рөлін арттыру — маңызды ғылыми және практикалық міндет болып табылады.

Зерттеу жұмысы мазмұндық құрылым жағынан сауатты құрастырылған, кіріспеден, алты тараудан, қорытындыдан және практикалық ұсынымдардан тұрады. Әр бөлім зерттеу логикасын дәйекті түрде ашады. Автор халықаралық тәжірибелерді, ДДСҰ ұсынымдарын, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын және өз зерттеу нәтижелерін терең талдаған.

Диссертацияда ауруларды басқару бағдарламасына енгізілген үш негізгі созылмалы ауру — артериалды гипертензия, 2 типті қант диабеті және созылмалы жүрек жеткіліксіздігі мысалында эпидемиологиялық жағдай мен медициналық көмек сапасы зерделенген. Автор заманауи аналитикалық, статистикалық және социологиялық әдістерді тиімді пайдалана отырып, мейіргердің осы бағдарламалардағы нақты функциялары мен қиындықтарын айқындаған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, АББ шеңберінде мейіргерлердің білім мен құзыреттіліктерінің жетіспеушілігі, пациенттермен коммуникациялық байланыстардың әлсіздігі және пәнаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі сияқты факторлар бағдарламаның тиімділігіне кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты автор мейіргер қызметінің жаңа моделін ұсынады, ол ақпараттық-коммуникациялық технологияларға, пациенттің өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға және мультидисциплинарлық командалық тәсілге негізделген.

Ғылыми жаңалығы — Қазақстан жағдайында алғаш рет мейіргердің ауруларды басқарудағы ұйымдық және басқарушылық қызметінің ғылыми негізделген моделін әзірлеуінде. Бұл модель халықаралық тәжірибелерді, гендерлік және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, МСАК деңгейінде

бейімделген. Автордың зерттеуінде ұсынылған тәсіл мейіргердің басқарушылық функцияларын кеңейтіп, пациентке бағытталған денсаулық сақтау саясатының жаңа сапалық деңгейіне жол ашады.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы зор. Теориялық тұрғыдан зерттеу нәтижелері мейіргер ісінің менеджментін дамыту, мейіргерлік қызметті стратегиялық жоспарлау және АББ бағдарламасын ғылыми негізде жетілдіру бағытында маңызды үлес болып табылады. Практикалық тұрғыдан — алынған нәтижелерді денсаулық сақтау ұйымдарының күнделікті қызметінде, мейіргер кадрларын даярлау бағдарламаларында және клиникалық хаттамаларды жетілдіру барысында қолдануға мүмкіндік бар.

Диссертацияның мәтіні ғылыми стиль талаптарына сай, баяндау тілі анық, логикалық құрылымы дәйекті. Автор барлық дереккөздерді нақты көрсеткен, статистикалық мәліметтерді ғылыми тұрғыда талдап, қорытындыларын сенімді дәлелдермен бекіткен.

Жалпы алғанда, Джумагазиева Орынгул Дженисбековнаның жұмысы ғылыми жаңалығы, теориялық тереңдігі, практикалық маңыздылығы және дәлелділігі бойынша жоғары деңгейде орындалған.

Диссертациялық жұмыс мазмұны мен нәтижелері 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу талаптарына толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты «Ауруды басқару бағдарламасында мейіргердің ұйымдық және басқару механизмдерінің негіздемесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынуға және авторға PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

«С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ медицина ғылымдарының кандидаты, профессор



Давлетов К.К.